

"Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 938 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 640 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 938 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Тұжырымдаманы орындаудың аралық нәтижелерін Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде ұсынсын.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында:

"6.1. 2026 жылдың соңына қарайғы нысаналы индикаторлар" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"6.1. 2026 жылдың соңына қарай нысаналы индикаторлар:

орта кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі - ЖІӨ-дегі ЖҚҚ-ның 10,8%-ынан төмен емес;

бәсекелестіктің дамуын тежейтін тауар нарықтарына кіру кедергілерін жою - 2026 жылдың соңына қарай кемінде 54.";

"6.2. 2026 жылдың соңына қарай күтілетін нәтижелер":

3) тармақша алып тасталсын;

Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

мына:

"

1-нысаналы көрсеткіш. Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі: 2022 жылы - 11,2%, 2023 жылы - 12,5%, 2024 жылы - 13,7%, 2025 жылы - 15%, 2026 жылы - 16%

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"2-нысаналы көрсеткіш. Тауар нарықтарына кіру кедергілерін жою: 2023 жылы - 12, 2024 жылы - 13, 2025 жылы - 14, 2026 жылы - 15

","

"1-нысаналы көрсеткіш. Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі: 2022 жылы - 11,2%, 2023 жылы - 12,5%, 2024 жылы - 13,7%, 2025 жылы - 15%, 2026 жылы - 16%

"

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"

1-нысаналы көрсеткіш. Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі: 2022 жылы - 6,9%, 2023 жылы - 6,7%, 2024 жылы - 8,2%, 2025 жылы - 9,5%, 2026 жылы - 10,8%

","

реттік нөмірі 1-жолда "ИИДМ" деген сөз "ИИДМ*" деген сөзбен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 17-жол алып тасталсын;

"Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:" мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"* - "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне қатысты."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев